

ЕРЛІККЕ – ТАҒЗЫМ

Адамзат үшін соғыс – қаралы ұғым. Өйткені, қасіреті мен тау-
қыметі аяққа ның тұрган елдердің өзін есенгіретіп жібереді.
10 жылға жалғасқан Ауган жеріндегі айқас солардың бірі. Та-
лай шаңырақты шайқалтып, мындаған адамды қыршынынан қи-
ған Ауган жеріндегі ұрыс даласынан Кеңес әскерінің шыгарылға-
нына биыл – 32 жыл.

1989 жылдың 15 ақпаны күні Кеңес әс-
керлері Ауганстан аумағынан шығарыл-
ды. Ауган соғысына КСРО құрамына 22
ооо қазақстандық қатысты.

1979 жылы басталып 2238 күнге созыл-
ған соғыста 761 қазақстандық мерт болып,
484 жауынгер мүгедек болып қайтты. 21
адам хабар-ошарсыз қетті. Бүтінде Түркіс-
тан облысында 2 мыңдан астам ауган
соғысының ардагерлері тұрады. Жалпы
алғанда Ауганстандағы соғыска Түркіс-
тан облысынан 2186 адам қатысып, олар-
дың 65-і мерт болса, 3 адам хабар-ошар-
сыз қеткендердің қатарында.

Осылай ауыр аманат арқалап, өмір
мен өлім белдескен қанды шайқасқа қаты-
сып, батылдық пен ерліктің ерен үлгісін
көрсеткен қаһарман жерлестеріміз біздің
ортамызда. Соның бірі М.Әуезов атында-
ғы Оңтүстік Қазақстан университетінің

әскери кафедра аға-оқытушысы, запаста-
ғы подполковник Раимбердиев Қызырәлі
Тәнірбердіұлы студенттерге саналы білім
бере отырып, ұлтын сүйетін патриот етіп
тәрбиелеп, азаматтардың ерік-жігерін ны-
ғайтуға өз үлесін қосып отыр. Қай елде
болмасын патриоттық тәрбие жоғары бол-
са, сол елдің саяси тұрақтылығы қарыш-
таш, дамитыны ҳақ. Сол себеп қаһарман
азаматтарды қадірлеу, ерлік жолдарын
паш ету – біздің парызымыз.

Ауган соғысындағы ерлердің ерлігін
улғі ете отырып, Отан үшін от кешудің
парыз, міндет екенін санамызға сіңіру
патриоттық тәрбиенің негізі екенін ұмыт-
пауымыз керек. Осы мақсатта М.Әуезов
атындағы ОҚУ әскери кафедрасында жыл
сайын ауган соғысы ардагерлерінің құр-
метіне іс-шаралар үйімдастырылып, ал-
ғыс хаттармен мараппатталады. Қазіргі



елдегі пандемиялық жағдайға байланыс-
ты әскери кафедра оқытушылар қурамы
студенттермен ZOOM қосымшасы арқы-
лы Ауган Демократиялық Республика-
сынан Кеңес әскерлерінің шыгарылуы-
на 32 жыл толуына арналған «Ерлікке
тағым» атты акциясы өтетінін алдын
ала мәлімдеді.

Онлайн сабакта жастармен пат-
риоттық тұрғыда әнгіме жүргізіліп,
бейбітшілік пен тыныштықтың қадірі ха-
қында пайымды ойлар айтылды.

Қазақ жерінен аттанған азаматтар-
дың ерлігі ұрпақ жадында мәнгіге жаң-
ғырып тұратын анық.

Ж.АБЖАППАРОВ,
М.Әуезов атындағы ОҚУ әскери
кафедрасының оқытушысы,
запастағы подполковник